Бекітемін
«Амаль-2021» ЖШС
«Аяла»балабақшасы
Меңгеруші: Сарбасова.А.Б
«__»«қазан»2025ж

«Отбасылық бір аптәлық челендж»
7күн-7қызық іс



Тәрбиешілер: Ази.А.М.
Тәңірберген.А.Д

2025-оқу жылы

Scanned with CamScanner

Анықтама


Мақсаты:Балалардың жан-жақты дамуына, отбасы мүшелері арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайтуға және ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру мақсатында «Отбасылық челлендж» ұйымдастырылды.

Челлендж аясында ата-аналар мен балалар төмендегі тапсырмаларды бірлесіп орындады:

- ❖ «10 минут кітап оқу» – кешкі уақытта ата-ана мен бала бірге кітап оқып, оқуға деген қызығушылықтарын арттырды.
- ❖ «Бірге сурет салайық» – Ата-ана мен бала бірлесіп сурет салып, дайын жұмыстарын балабақшаға тапсырды.
- ❖ «Таңғы жылы сөз» – әр таңды балаларға жылы лебіз айтып, көтеріңкі көңіл күй сыйлаудан бастады.
- ❖ «Анашыма көмек» – балалар үй шаруасына қолғабыс көрсетіп, ата-анасымен бірге атқарған жұмыстарын бейнежазбаға түсіріп ұсынды.


Челлендж барысында ата-аналар мен балалар бірлесіп барлық тапсырмаларды орындап, отбасылық уақытты мазмұнды әрі пайдалы өткізді. Балалардың кітап оқуға қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеттері дамыды, үлкендерге көмектесу арқылы еңбекқорлық пен жауапкершілік дағдылары қалыптасты. Отбасылық челлендж өз мақсатына жетіп, қатысушылардың белсенділігі мен ынтымақтастығын көрсетті.





Scanned with CamScanner





Scanned with CamScanner

Бекітемін _____
ЖШС «Амаль-2021»
«Аяла» балабақшасы
Меңгеруші:Сарбасова А.б
«__» «_____»2025ж

«ШЫНЫҚСАН- ШЫМЫР БОЛАСЫН »

Анықтама



Тәрбиешілері: Қожабай С.Т

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Шынықсан шымыр боласын»

Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықтыарттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Қалыптастыру арқылы ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққатәрбиелеу. Балалар арасындағы ынтымақтастыққа өзара бірлесе қимыл жасауды дамыту. «Өмір негізі - денсаулық.»

Ойын барысы:

1) ұйымдастыру
2) командамен таныстыру
3) сайыстың шарттары
4) әділ – қазылар алқасын тағайындау
5) сайысты қорытындылау

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата - аналар, балабақша ұжымы бүгінгі ұйымдастырып отырған **«Шынықсан шымыр боласын»** атты командалық сайысымызға қош келдіңіздер!

Келіңдер, көріңдер
Тек ынта бөліңдер.
Мықты боп шыныгып,
Шығам деп сеніңдер – дей отырып бүгінгі сайысымызға қатысатын топтарды ортаға шақырамыз.

Топтың аты: «Жасұлан»
Ұраны: Біз Жасұлан ерін жерін қорғайтын
Әр қашанда самұрықтай самғайтын
Біз Жасұлан алға қарай ұмтылар
Биіктерді бағындырмай қоймайтын

Топтын аты: « Қыран»тобы
Ұраны: Қырандай күшті қанатты,
Біз өрендер талапты.

Ойын бөлімдерімен таныстыру

1. «Кім жылдам»
2. «Шарды түсірме»
3. «Арқамда балам, жеңіске барам»

Scanned with CamScanner

4. «Қапшықпен секіру»
5. «Арқан тартыс» ойыны
6. Қорытындылау

Сайысымызды бастамас бұрын, сайысымыздың әділқазылар алқасымен танысболайық.

Балабақша медбикесі Әсел Серікқызы

Күншуақ тобының тәрбиешісі Алтынай Маратқызы

Балаларымыздың "Тәуелсіз ел ұраны " әнін қабыл алыныздар

Ендеше ойынымызды бастайық «Кім жылдам» ойынымыз деп аталады.Ойын шарты: Бұл ойында ана мен бала жұп болып қатысады, олар қатар тұрып допты бір біріне лақтырып беру арқылы белгілінген сызыққа дейін жетеді.Сызыққа жеткен сон қабырғада тұрған скотчқа допты дәлдеп лақтырады.

«Шарды түсірме»

Ойын шарты: Ана мен бала шарды бастарының ортасына қойып белгіленген бағытпен кедергілерден өтіп келеді шарды қолмен ұстауға болмайды.

«Арқамда балам, жеңіске барам»

Ойын шарты:Аналар балаларын арқасына салып жүгіреді де тақтада тұрған суреттерді құрастырады, жүгіріп орнына қайтады.

«Қапшықпен секіру»

Анасы мен баласы қол ұстасып бірге секіріп жарысады, мәреге дейін секіріп барады

«Арқан тартыс» ойыны

Екі топтын ата аналары тартысады.

Әділқазылар алқасынын шешімдері дайын болғанша балаларымыздың Флешмоб биін қабыл алыныздар

Біреу озса жарыста,
Біреу артта қалады.
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады, - демекші, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздарды анықтап, марапатталады. Сөз кезегі әділқазыларға беріледі.

Міне, бүгінгі денсаулық кепілі, спорттық сайысымызда өз мәресіне жетті.

Құрметті ата аналар, келгендеріңізге көп - көп рахмет!Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

Scanned with CamScanner









Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Амаль-2021»ЖШС
«Аяла»балалабақшасы
Меңгерушісі:Сарбасова.А.Б
«____»«_____»2026ж

«МҰЗ ҚАЛАШЫҒЫ»



Тәрбиешілер:Таңірберген.А.Д

Ази.А.М

2026оқу жылы

Scanned with CamScanner

Анықтама


Қыс мезгіліне орай балабақшада ата-аналардың қатысуымен ерекше шығармашылық жұмыс ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктерін таныстыру, ата-аналармен тығыз байланыс орнату және бірлескен еңбекке баулу болды.


Аталған жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен 2–3 күн бұрын ата-аналармен бірге дайындық жұмыстары жүргізілді. Яғни, суға түрлі-түсті краскалар араластырылып, арнайы ыдыстарға құйылды. Дайындалған түрлі-түсті су сыртқа шығарылып, табиғи жағдайда мұз болып қатуы күтілді. Балалар мен ата-аналар бұл үдерісті қызығушылықпен бақылап, мұздың қалай пайда болатынын тәжірибе арқылы көрді.Келесі кезеңде қатқан түрлі-түсті мұз бөліктерінен мұз қалашығы жасалды. Ата-аналар мен балалар бірігіп, мұздан шағын үйшік құрастырып шықты.
Іс-шара соңында балалар мұз қалашығын тамашалап, өз қолдарымен жасалған туындыларға қуанды. Бұл тәжірибе балалар үшін өте қызықты әрі танымдық болды. Осындай бірлескен жұмыстар ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайтып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен әсерін тигізеді.





Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Амаль 2021» ЖШС
«Амаль» балабақшасы
Меңгеруші: Сарбасова А.Б
«__» «_____» 2026ж

«Құмырсқаның қанағаты»

(ертегі)




Тәрбиеші:Әлқуатова А.М

2026-оқу жылы

Мақсаты:Бұл ертегі балаларға қанағатшыл болуды, еңбекқорлықты және барға шүкір етуді үйретеді. Құмырсқа бейнесі арқылы әркім өз еңбегімен өмір сүріп, артыққа ұмтылмай, қолындағысына риза болу керектігі түсіндіріледі.

Құмырсқаның қанағаты

Автор **Әжей:**



Ертеде бір данышпан кісі болыпты. Ол кісі жан-жануарлардың, құрт-құмырсқаның тілін біледі екен.Бір күні әлгі данышпан жолаушылап келе жатыпты. Жарты жолға келгенде, ат шалдырып, демалып отырса, кішкентай бір құмырсқаның дән тасып жүргенін көреді. Оны жерден көтеріп алады да алақанына салып тұрып:



Данышпан:Қане, құмырсқа, айтшы, дәнді қайда алып барасың? – деп сұрайды.

Құмырсқа– Илеуіме апарамын,

Данышпан– Оны қайтесің?

Құмырсқа– Кейінге сақтаймын,


Данышпан– Көп жинайсың ба?

Scanned with CamScanner

Автор ӘжейҚұмырсқа өз шаруасының жайын былайша баяндайды:
Құмырсқа :Жаздай жұмыс істеп, жейтін азығымды жинаймын да қыстығүні қаннен-қаперсіз тынығып жатамын.



Данышпан:Басың неге үлкен?
Құмырсқа– Аз сөйлеп, көп ойлаймын.
Данышпан:Белің неге қылдырықтай?
Құмырсқа Қомағай емеспін.
Данышпан– Жылына қанша дән жейсің?
Құмырсқа Бір дән жеймін.
Данышпан -Соған қанағат етесің бе?
Құмырсқа -Одан көп жей берсем, жер бетіндегі басқа құмырсқалар аш қалмай ма? Қанағат керек қой!
Автор Әжей Құмырсқаның ақылына, қанағатына, көрегендігіне сүйсінген данышпан оны сынап көрмек болады. Қорапқа бір дән салады да құмырсқаны соған қоса қамайды. Сонан соң су тимейтін бір жайлы жерге орналастырады.




Данышпан -Бір жылдан кейін келемін. Дәнің бар жейтін, қамсыз жата бер
Автор: Осылайша құмырсқаның азықты қалай үнемдейтінін білгісі келеді.Бір жыл өткен соң, данышпан әлгі құмырсқаға қайта оралады. Өзі қойып кеткен жерден қорапты тауып алады. Құмырсқаның өлі-тірісін білмек болып,

Scanned with CamScanner

қорапты ашады. Қараса, құмырсқа тірі екен. Қасына қалдырған жалғыз дәннің жартысын ғана жепті. Бұған таңданған данышпан:

Данышпан -Ей, құмырсқа.Сен жылына бір дән жеймін деп едің ғой. Мына дәнді неге түгел жемей, жартысын қалдырғансың? Не себептен сонша үнемдедің?



Автор Әжей Айтқаның дұрыс, мен жылына бір дән жеймін, ол рас. Ал сен болсаң, мені қорапқа салып, қамап кеттің. Сыртқа шыға алмаймын. Егер сен мені бұл қамаудан босатуды ұмытып кетсең, тағы да бір жыл қамауда жататын едім. Бір дәнді түгел жеп қойсам, аштан өлетін едім. Соны ойлап, қанағат еттім.

Автор :Данышпан құмырсқаның шыдамдылығы мен тастай берік қанағатына қайран қалыпты. Оны қамап кеткенінің қиянат болғанын, азапқа салғанын енді түсініп:

Данышпан -Менің істегенім дұрыс болмапты, кешір! –

Scanned with CamScanner



Автор әжей -депті де құмырсқаны қамаудан босатып жіберген екен.Содан кейін данышпан қанағаттың қасиетін адам баласына үйретіпті.Осылайша данышпан өз жолымен кетеді. Ал құмырсқа болса, жұмысын жалғастыра береді. Ол өзінің кішкентай жүрегімен үлкен ақиқатты біліпті.




Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Амаль-2021» ЖШС
«Аяла»балабақшасы
Меңгеруші:Сарбасова.А.Б
«__» «_____» 2026ж

«ТАПҚЫР ҚОЯН»

(ертегі)



Тәрбиешілер: Таңірберген.А.Д
Ази.А.М

2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Тақырыбы: «Тапқыр қоян»

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту және ата-аналармен бірлескен жұмысты нығайту.

Барысы: Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ата-аналардың қатысуымен «Тапқыр қоян» ертегісі бойынша қойылым көрсетілді. Ата-аналар ертегі кейіпкерлерін сомдап, балаларға жағымды эмоция сыйлады. Балалар қойылымды қызығушылықпен тамашалады.

Қойылым соңында балалармен кері байланыс жүргізілді. Балалардан қойылымда қандай жануарлар қатысқаны, олардың қайда мекен ететіні және қалай дыбыстайтын сұрақтар қойылды. Балалар белсенді түрде жауап берді.

Қорытынды: Іс-шара өз мақсатына жетті. Балалардың қызығушылығы артты, ата-аналармен байланыс нығайды. Бірлескен жұмыс балалардың танымдық және сөйлеу дағдыларының дамуына оң әсерін тигізді.



Scanned with CamScanner

Бекітемін:
«Амаль-2021»ЖШС
Аяла балабақшасы
Меңгеруші:Сарбасова.А.Б

«Еңбеккор ара»

(ертегі)



Тәрбиеші:Қожабай.С.

2025-2026 оқу жылы

Scanned with CamScanner


Кейіпкерлер:

- Жүргізуші
- Күн
- Ара
- Аю

Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке, достыққа, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Жүргізуші:
Армысыздар, құрметті қонақтар! Бүгін сіздерге еңбекқорлықтың маңызын көрсететін «Еңбекқор ара» ертегісін ұсынамыз.

(Әуен ойнайды. Күн шығады.)



Күн:
Қайырлы таң, достар!
Мен – алтын Күнмін.
Барша табиғатқа жылу мен жарық сыйлаймын.
Жаңа күн басталды, бәріміз еңбек етуге дайынбыз!

(Ара ұшып келеді.)


Ара:
Сәлем, Күн!
Мен гүлден гүлге қонып, тәтті бал жинаймын.
Еңбек етсең ғана нәтиже болады.
Мен ешқашан ерінбеймін!

Күн:
Жарайсың, еңбекқор ара!
Сенің еңбегіңнің арқасында табиғат көркейеді.

(Аю ұйқысынан оянып келеді.)

Аю:
Ой, қандай тәтті иіс!

Scanned with CamScanner




Бал жегім келіп тұр.
Ара, маған бал бере салшы.

Ара:
Әрине, бөлісемін.
Бірақ бұл балды жинау үшін мен көп еңбек еттім.
Еңбек етсең, жемісі де тәтті болады.

Аю:
Рас екен.
Мен тек дайын нәрсені күтетінмін.
Енді мен де еңбек етемін.
Гүлдерге су құйып, табиғатты қорғаймын.

Күн:
Өте дұрыс шешім!
Бір-бірімізге көмектесіп, еңбек етсек, өміріміз де әдемі болады.



Ара:
Еңбек – бақыттың кілті!

Аю:
Еңбек еткен адам ешқашан ұтылмайды!

Барлығы бірге:
Еңбек етейік, достар!
Табиғатты қорғайық!
Дос болып, бір-бірімізге көмектесейік!

Scanned with CamScanner

(Көңілді әуен ойнап, кейіпкерлер көрермендерге иіліп, қоштасады.)

Scanned with CamScanner

«Амаль-2021» ЖШС «Аяла» балабақшасы

Бекітемін
«Амаль-2021» ЖШС «Аяла»
балабақшасының меңгерушісі
Сарбасова А.Б.

«Қазіргі балалардың дамуында неге бұзылыс көп?»

Scanned with CamScanner


Анықтама


Тақырыбы: «Қазіргі балалардың дамуында неге бұзылыс көп?»

Мақсаты: Ата-аналарға балалардың даму кезеңінде қай дағды ,қандай әсер беретінін түсіндіру және үй жағдайында қандай әдіс тәсілдерді қолдануға болатынын көрсету.

Баланың даму кезеңдерінде дағдылардың дұрыс ,уақытылы дамымай қалғаннан жас ерекешеліктеріне қарай қалай әсер ететінін және бұзылыс неден пайда болатынын видеоролик арқылы түсіндіріліп, толық ақпарат берілді. Сенсорлық интеграция , физикалық дағды ,ұсақ моторика, жазу, оқу қабілеттері, есте сақтау қабілеті, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту үшін ,үй жағдайында қолданылатын ойын түрлерімен таныстырылып, әдіс-тәсілдер көрсетіліп түсіндірілді.


Ата-аналар екі топқа бөліну арқылы ойын түрінде, жарыс түрінде белсенділік танытып, осындай әдіс-тәсілдердің қарапайым тұрғыда болатынын таңдана айтып ,және осындай ойын түрлері баланың дамуына соншалықты әсер ететінін білмегенін жеткізді. Алдағы уақытта осындай шаралардың жиі өткізіліп тұруына ұсыныс жасады.






Scanned with CamScanner







Scanned with CamScanner

«Амаль-2021» ЖШС «Аяла» балабақшасы

Бекітемін
«Амаль-2021» ЖШС «Аяла»
балабақшасының меңгерушісі
Сарбасова А.Б

«Әке- баланың өміріндегі ең сенімді қорған, әділдік пен жауапкершіліктің үлгісі»

Scanned with CamScanner

Анықтама

Тақырыбы: «Әке – баланың өміріндегі ең сенімді қорған, әділдік пен жауапкершіліктің үлгісі»

1. Амандасу, танысу.

2. Тренинг «Әріптер»

Таңдаған әріптерінен басталатын еркелік сөздер айту, яғни балаларын үнемі қалай еркелетеді.

3. «Әкенің бала өміріндегі рөлі» атты бейнеролик көрсету.

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектепте бере алмайды»

Әр отбасы – жеке мемлекет. Ол мемлекеттің іргетасын қалаушы, басқарушы – отағасы, ол – әке өздеріңізсіздер. Отбасының рухани және материалдық жағынан құлдырамай мықты болуы әкеге байланысты. Алайда әке болу бар да, әке бола білу бір бөлек. Қазіргі таңда әкелеріміз әртүрлі іссапарда, жұмыста, сыртта көп болады. Үйдегі балалардың тәрбиесімен аналарымыз айналысады.

4. «100000» әдісін түсіндіру.

5. Вильямс және Шеленбергердің даму пирамидасына шолу.

6. Ойын түрлерімен таныстыру, ойнату:

* Балаларды киіндіріп, шешіндіріп уақытқа үлгеру;

* Шаш өру;

* Көпір жасау;

* Доппен ойын;


* Кедергілерден өту арқылы плакат бетіндегі көлеңкені табу;


* Кедергілерден өту арқылы текшедегі жұлдыздарды белгілеу.


Қорытынды:

Алақан, жұдырық, саусақ.

Scanned with CamScanner









Scanned with CamScanner